Таков краткий послужной список, боевой путь, педагогическая и наставническая деятельность генерал-майора технических войск, почетного гражданина Западно-Казахстанской области и прекрасного человека Шакира Джексенбаева. Хотя нетрудно понять, что за каждой датой, каждой строкой, каждой должностью стоит большая, системная кропотливая работа, огромный труд.

Ниж приводим сравнительный послужной список

Послужной список казахских военначальников

Приложение

9 апреля 2008г. в Москве в Посольстве Казахстана состоялась презентация двухтомного издания «Казахи в России», где от имени авторского коллектива выступил Чрезвычайный и Полномоченный посол Республики Казахстан в Российской Федерации Нуртай Абыкаев, который отметил: «Казахстанцы гордятся тем, что в среде политической элиты, творческой интеллигенции и научных кругов России имена выдающихся соотечественников... В России сложились и получили известность целые династии. С Россией связали свою судьбу достойные представители Казахского народа: Шакир Джексенбаев - первый советский генерал-казах и его сын - ученый-микробиолог, доктор медицинских наук Олег (Ерик) Джексенбаев...»

Шакир Джексенбаев скончался 23 февраля 1988 года в день Советской (Красной) армии, был верен присяге и посвятил всю свою жизнь военному делу.

В этом же году родился я, и моя прабабушка Нина Ивановна Джексенбаева в честь деда назвала меня Шакиром. А вот что писала «Казахстанская правда» 14 сентября 2013 г. (стр. 10): «Как известно, женами духовных лидеров нации начала XIX века были русские. Оставили они о себе добрую память, сполна разделив трагическую судьбу мужей. Елена Севастьянова - жена Алихана Букейханова, Мария Горина -Мустафы Шокая, Ольга Колосовская - Жаканши Досмухамедова, Александра Журавлева, нареченная Бадрисафой, - Ахмета Байтурсынова... Все они приняли фамилию мужа»

Приняли фамилию мужа и Нина Ивановна Джексенбаева и сноха Вера Александровна Джексенбаева.

Курсивом отмечена научно-педагогическая работа Шакира Джексенбаева, ведь он стоял у истоков организации военных учебных заведений в Казахстане, еще тогда, когда столицей были г. Оренбург и г. Кызылорда.

Кто из казахов мог быть начальником факультета, ведущим кафедрой высших военных учебных заведений мирового уровня? Даже будучи в отставке, Шакир Джексенбаев был наставником, преподавателем в учебных заведениях, предприятиях оборонного характера.

Вот поэтому студенты и магистранты, профессорско-преподавательский состав Актобинского университета им. С.Баишева — 21 января 2013г. обратились к Министру обороны Республики Казахстан г-ну А.Р. Джаксыбекову; Региональная общественная организация «Казахская национально-культурная автономия» Москвы (Каз НКА Москвы) 27 февраля 2013г. обратилась к Руководителю администрации Президента Республики Казахстан г-ну К.К. Масимову и Государственной ономастической комиссии при Правительстве Республики Казахстан; Республиканское общественное объединение «СОВЕТ ГЕНЕРАЛОВ» - 9 апреля 2012г. к Государственному секретарю РК г-ну Кул-Мухаммед М.А. с просьбой о присвоении имени генерала-майора технических войск Шакира Джексенбаева Высшему военному учебному заведению Министерства обороны РК (военному институту сухопутных войск или военному институту радиоэлектроники и связи).

Думается, что положительное решение данного вопроса явится свидетельством той реальной работы, которая предусмотрена соглашением об увековечении памяти о мужестве и героизме народов государств-участников Содружества независимых государств в Великой Отечественной войне 1941-1945 годов, принятого Главами государств СНГ 3 сентября 2011г. в г. Душанбе, а также проявлением памяти тех, кто внес свой вклад в свободу и независимость наших стран и народов.

первых казахов военначальников (из энциклопедических источников).


Письмо генерала своему брату

...Вот позади и 75-ая годовщина Победы в Великой Отечественной войне. Все больше событий стирается из памяти, все меньше осталось участников этой страшной войны.

Какие они были в послевоенные годы? Широкомасштабные встречи участников войны начались с 80-х годов, до этого нужно было восстанавливать народное хозяйство, житье, быт..., а теперь их совсем осталось мало, можно сказать не стало...

В нашем семейном архиве сохранилось письмо первого казахского генерала-майора технических войск Шакира Джексенбаева нашему деду - участнику Великой Отечественной войны, штурману дальней авиации гвардии старшему лейтенанту Айтилиеву Сатпаю. Наш дед Айтилиев Сатпай, родной брат генерала Шакира Джексенбаева, и, следовательно, переписка является вполне закономерной.

К тому же можно привести пример 1970-80гг. бессменных подписчиков «Казахстанской правды», коллектива средней школы №1 станции Жанибек, учителя высшей категории Валентины Хайрулловны Кадыргалиевой, где упоминается о том, что в августе 1942 года горячее дыхание гигантской смертельной схватки опалило берега Волги в ее нижнем течении и прилегающие районы Казахстана. Выход немецко-фашистских войск к реке круто изменил положение в западных районах Казахстана. Оно стало военным. Прифронтовой полосой растянулись вдоль железной дороги степные районы, где размещались многочисленные тыловые службы Сталинградского



и Юго-Восточного фронтов. Через станцию Жанибек, Сайхин, Шунгай, Эльтон проходила железная дорога Саратов-Урбах-Астрахань, ставшая единственной транспортной артерией обороняющегося Сталинграда - дорогой, по которой провозилась нефть, поступающая морем из Баку. Нередко из станции Жанибек уходили к Сталинграду прибывшие резервные части Советской Армии из Казахстана, Сибири, с Дальнего Востока. Гитлеровское командование проявляло к дороге большой интерес, не раз засылало сюда своих разведчиков, диверсантов с целью сбора информации о состоянии тыла, дислокации войск, а также для распространения клеветнической пропаганды и нанесения ударов по наиболее важным объектам. В сентябре-октябре 1942 года вражеские самолеты интенсивно бомбардировали железнодорожную линию. Массированной бомбардировке подвергались Жанибек, Шунгай, Каракөл, Эльтон, Сайхин. Было разрушено более 40 производственных объектов, около 200 жилых домов.

И мы решили дать в газете «Оркен» материал в оригинале, без комментариев и перепечатки.

И в этом письме прослеживается след данной войны, ее отношение к Казахстану, в том числе нашему Западному Казахстану. Ведь только в последние годы начали говорить о прифронтовой железной дороге Западного Казахстана...

Вот таков небольшой эпизод той страшной войны по нашему Западному Казахстану.

Шакир АЙТАЛИЕВ,

магистр, аспирант Казанского Федерального университета, Высшей школы исторических наук и всемирного культурного наследия, кафедры истории Татарстана, этнологии и археологии.

Ерик АЙТАЛИЕВ,

интерн, Актобинского государственного медицинского университета имени М.Оспанова (г.Уральск)

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін кеңес халқын тағы бір зұлмат ауыр сынақ күтіп тұрды. 1921 жылғы қыста қардың, жазда жауынның болмауы кеңес елінің көптеген өңірлерін әсіресе, Еділ бойы аудандарын құрғақшылыққа ұшыратып, оның соңы ашаршылық нәубетіне әкелді. 1921 жылдың күзіне қарай бүкіл ел бойынша 20 млн-нан астам адам аштыққа ұшырады.

БӨКЕЙ ДАЛАСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ҚАСІРЕТІ

Осы кезеңде Бөкей губерниясының халқы да 1920-1922 жылдары ашаршылық қасіретін басынан өткізгенін Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив қорында сақталған тарихи деректерден анық көреміз.

Мәселен, Бөкей губерниялық Кеңесі атқару комитетінің 1920 жылы 16 наурыз күні өткізген мәжілісінде Қамыс - Самар уезі, I Теңіз округі мен Нарын қисымындағы аштыққа ұшыраған халықтың ауыр жағдайы туралы Қамыс-Самар уездік атқару комитетінің өкілдері Жүсіпқалиев пен Б.Жанекшовтың баяндамасы тыңдалып, ашыққандарға көмек ұйымдастыру үшін I Теңіз округіне Шынтаев пен Дыбысқалиев, Қамыс-Самар қисымына Н.Залиев, Нарын қисымына Измайлов сияқты партия қызметкерлерін жіберу жөнінде шешім қабылдайды. Өлкеде қалыптасқан аса ауыр жағдайды мәлімдеп, Москвадағы қырғыз (қазақ – Б.Б.) өкілдігі арқылы 3 мекенжайға төмендегідей жеделхат жөнелтеді.

Шұғыл
Кезектен тыс
Үш мекенжайға

Москва
Өлеуметтік қамсыздандыру халкомына
Азық-түлік халкомына

Жеделхат 20 наурыз № 610

«Ақгвардияшылардан азат етілген Бөкей даласындағы қалыптасқан аса ауыр жағдайға байланысты, Орталықтан 100 млн рубль ақша және азық-түлік сұраған өтінішімізге ешбір жауап келмей отырғанын тағы да хабарлап, Бөкей губерниялық атқару комитеті адамдарды аштықтан құтқару үшін жедел көмек сұрайды.
№ 986, 26 сәуір, 1921 ж.
Бөкей губерниялық атқару ком.
төрағасы Берғалиев Хатшы Чинтаев»

Сандық мәліметтерге қарағанда тарихи осы кезеңде Бөкей губерниясындағы жылқы саны 146,0 мыңнан 49,0 мыңға, ал қой басы 1,3 миллионнан 0,4 миллионға кеміген. Сөйтіп, 1921 жылы Бөкей өлкесінде соғысқа дейінгі мал санының 20%-ы ғана қалады.

Осылайша, өлкедегі ашаршылық апатына құрғақшылықтың салдары ғана емес, азамат соғысы тұсында енгізілген азық-түлік салғыртының күштеу механизмі негізінде жүргізілуі себеп болған еді. Жан сақтап қалу үшін шаруа байғұс азық-түлік салғыртына қолдарындағы тұқымдық қорды да өткізуге мәжбүр болған. Бұл әрине, шаруашылықтардағы тұқымдық астық қорының жойылуына әкеліп соқтырды. Оның үстіне салғырт мал шаруашылығымен айналысып отырған қазақ ауылдарына да салынғандықтан егін салмайтын қазақ малын сатып, ақшасына бидай алып мемлекетке өткізген.

Бөкей даласындағы ашаршылық қасіретін сол кезеңде Тарғын уездік Кеңесі атқару комитетінің төрағасы болған Хамид Чурин «Дауылдың қысында» атты еңбегінде: «1921-1922 жылдардың қысында адамдар аштан көп өлді. Уезд орталығы болған кенттің көшелерінде біз таңғы сағат 5-6-ларда кейде ондаған адам өліктерін жинайтынбыз. Мынандай бір оқиға менің есімде қалыпты. 1922 жылы май айында бір күні Жәнібек поселкесіне жақын жердегі танысымның үйіне бардым. Сол кезде әлдеқайдан жаяулап бір аш адам келді. Ол баяғы жалшы Нәби Тұралиев екен. 1921 жылы алыстағы бір дәулетті адамға жалшылыққа тұрыпты. Сол жылы мал қырылып, жалдаған қожалары жұтап, аштан өліпті де, Тұралаиев талай жер жүріп, уезд орталығына әрең жетіпті. Бейшара күптей болып ісіп кеткен, көздері мүлдем көрінбейді. Мен үй иелеріне алдын ала ескертіп, оған тамақты бірден көп бермеу керек дедім, ал ол үй иесінің берген тамағын місе тұтпай қайта-қайта тамақ сұрап жалына бастады. Бірден тамақ көп жесе, өліп кететінін ескерткеннен кейін ғана ол біраз тынышталды. Үй иесі әйел қалған тамақты тығып қойыпты. Мен ол ауылдан кетіп қалдым. Ал әлгі адам әйелдің қалған тамақты қайда қойғанын байқап қалса керек, үйдегілер сыртқа

шығысымен қалған тамақты алып жейді де үйден кетеді. Екі жүз қадамдай жерге барғанда ауырып, ойбайлап, домалап, жылап-еңіреп ажалдан құтқара көріндер деп жалбарынады. Бірақ ол сорлының өміріне араша тұруға мүмкіндік болмаған, бейшара тамаққа тойғаннан кейін үш сағаттан соң ауыр азаптан өледі», - деп еске алады.

1921 жылдың 20 қыркүйегінде ҚазОАК-нің жанынан ашыққандарға көмек беру комиссиясы (бұдан әрі Компомгол) құрылды. Аталмыш комиссия төрағасы болып С.Мендешов, оның орынбасарлары А.Байтұрсынов пен М.Әуезов сайланды. Осылайша елдегі барлық комиссиялар қызметін Қазақстан ОАК-і жанынан ұйымдастырылған ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі Орталық комиссия үйлестіріп отырды.

Орталық комиссияның №18995 санды жеделхаты негізінде Бөкей губерниясында ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі комиссия құрылды. Аталмыш комиссия уездік және болыстық комиссия мүшелерінің атқаратын міндеттерін көрсетіп 10 бөлімнен құралған арнайы нұсқаулық дайындайды.

Облыстық атқару комитетіне Қамыс-Самар қисымындағы аштықпен күрес комиссиясының

6 айдың ішінде, яғни, 1 қаңтар - 1 шілде аралағындағы тіркелген жұқпалы аурулар туралы хабарлайды: Іш сүзегімен 118 адам ауырып, 8 адам өлді. Бөртпе сүзегі (тиф сыпной) 232 адам ауырып, 35 адам өлді. Аштық салдарынан 1272 адам ауырып, 255 адам өлді. Тырысқақпен (холеро) 423 адам ауырып, 227 адам өлді».

Бұл архив дерегін жоғарыда айтылған Х.Чуридің: «1922 жылдың басында аштықтың етек алғаны соншалық, үкімет ашығып жатқан халыққа азық-түлік жөнінен дереу жәрдем беруге мәжбүр болды. Губерниялық және уездік азық-түлік комитеттері жергілікті Советтер арқылы ашыққандарға азық-түлік өнімдерін – ұн, шай, өсімдік майын үлестіріп бере бастады. Елді мекендерде, поселкелерде, темір жол станцияларында аштарға арнап тамақтандыру пункттері және олардың жанынан жатақханалар ұйымдастырылды. Үкімет тарапынан көрсетілген көмек мөлшерін толық келтіре алмаймын. Дегенмен осы көмектің арқасында көптеген семьялар өлімнен аман қалды» деген естелігі дәлеледей түседі.

Осылайша Бөкей губерниясындағы ашаршылықтың салдарынан халықтың жаппай қатерлі жұқпалы ауруларға шалдығуы, өлкеде емханалар мен



мәлімдемесінде: «Болыстық комиссиялар құрылып, тамақтандыру пункттерінің ашылғаны, союға мал таппаған ауылдарда балық аулау топтарын құрып, аш адамдарға балық үлестірілгені, Жаңақала ауылында жетімдер үшін 50 кісілік асхана ашылғаны, аш және ауру адамдар үшін 50 пұт астық берілгені, алайда қисым территориясында іш сүзегі ауруы азайғанмен ең қатерлі оба пайда болды. Медицина штатының қызметін күшейту қажет» деп көрсеткен.

Тарғын уезіндегі ашаршылыққа қарсы күрес жөніндегі төтенше комиссия Жәнібек кентіне орналасты. Кеңес аппаратының және партияның уездік органдарының барлық қызметкерлері дерлік ашаршылықпен күресті ұйымдастыру үшін шалғай ауылдарға жіберіледі. Уезд орталығында ашыққандарға арналған 8 тамақтандыру пункті жұмыс істейді, ата-анасыз қалған балалар үшін жатақхана ұйымдастырылады.

1922 жылы ашаршылық әсіресе, Тарғын, Талов және Жаңақала ауылдарында өрши түсті. Бөкей өлкесіндегі ашаршылық апаты сүзек, тырысқақ, оба және басқа да, жұқпалы аурулармен қоса қабат жүріп отырды. Мәселен, 1922 жылы 30 қазан күні Бөкей губерниялық денсаулық сақтау бөлім меңгерушісінің губерниялық аштықтың салдарымен күрес комиссиясына жолдаған мына мәлімдемесінен анық көреміз: «Денсаулық сақтау бөлімі

ауруханалардың және дәрі – дәрмектердің жетіспеуі ел ішінде адам өлімінің санын көбейтіп, нәтижесінде бұл Бөкей өңірінің демографиялық құлдырауына әкеліп соқтырады.

1925 жылы Орал және Бөкей губерниясы кеңестерінің біріккен съезінде баяндама жасаған губерниялық жер басқармасының меңгерушісі Т.Қожанов өте көп адам шығынына ұшыраған Бөкей аймағының ашаршылық қасіретін ең басты оқиға ретінде атап көрсеткен еді. Сандық мәліметтерге сүйенсек, Бөкей губерниясы тұрғындарының саны 1917 жылы 251 мың болса, 1920 жылы 181 мың адам өмір сүрген, яғни 3 жылдың ішінде тұрғындар саны 70 мың адамға азайған.

Түйіндеп айтқанда, Бөкей губерниясындағы 1920-1922 жылдардағы ашаршылық елге зұлмат әкеліп, аймақтағы шаруашылықтарды күйзелтіп қана қоймады, халықтың демографиялық өсуіне де зардабын тигізді. Демек, өлкедегі халық санының төмендеуі аймақтағы экономиканың дамуын тежеді. Нәтижесінде Бөкей даласы елді мекендер сирек қоныстанған аймаққа айналды.

Б.С. БОРАНБАЕВА,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Ұлы Жеңіс мерекесі - өршіл рух пен өшпес ерліктің мерекесі. Бірлік пен ерен еңбектің жарқын символы болған айтулы мерекеде университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы бастаған ұжым мүшелері Ұлы Отан соғысының ардагері, ғалым-ұстаз Сүйіншалиев Қалам Жұмашұлын арнайы құттықтады.

АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Қалам Жұмашұлы Сүйіншәлі Батыс Қазақстан облысы қазіргі Ақжайық ауданының Қызыл-Жар ауыл Советі Терең сай жағасында, 1925 жылы қаңтар айының он сегізінші жұлдызында дүниеге келген. Сол жерде әкесі Жұмаш жеке шаруашылық кәсіппен шұғылданып, мал өсіріп, балық аулаумен айналысқан. Балалық шағын кіндік шешесінің тәрбиесінде өткізген.

Ұлы Отан соғысы жылдарында әскер

Институтты бітірісімен облыстық оқу басқару мекемесінде жетім балалар бөлімінің инспекторы, бір жылдан соң облыстың партия комитетінде мектептер бөлімінде нұсқаушы, бірінші хатшының көмекшісі жұмыстарын атқарған.

1955 жылдан бастап осы кезге дейін алпыс жылдай қол үзбей М.Өтемісоватындағы БҚМУ-інде Отан тарихынан сабақ беріп, ұстаздық етіп



қатарына шақырылды. Закавказье майданына Грузия мен Түркия шекарасында даярлық әуе қорғау әскери бөлімдеріне қосты. 345 ЗА полктің 13-батареясына «дальномер» бөліміне орналастырды. 1946 жылы наурыз айында демобилизацияға ұшырады. 1946-1950 жылдары Оралдағы А.С.Пушкин атындағы Педагогикалық институтының тарих факультетін бітіріп, тарихшы мамандығына ие болады.

келеді. Әр кезде тарих – филология факультеті деканының орынбасары, тарих және педагогика факультетінің деканы, КПСС тарихы кафедрасының меңгерушісі болып жоғары оқу орнының белді және беделді қызметкері ретінде танылды.

1960-1966 жылдары институт Қалам Жұмашұлын Киев, Ташкент қалаларына бес айлық мамандық жетілдіру курстарына жіберіп, ғылыми болашағы үшін жол ашты. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық



университетінің Қазақстан тарихы кафедрасына ізденуші (соискатель) болып тіркелді. Сол кездегі тарихшы ғалым Қажым Хабиев ғылыми жетекшілік жұмысын атқарды. Кандидаттық диссертацияның тақырыбы да «Комсомол Казахстана – активный помощник партии в культурной революции» 1928-1940 жылдары деп бекітілді. Содан соң көп ұзамай-ақ 1969 ж. сәуір айында КазГУ-дің ғылыми Советінде аталған тақырыпта диссертация қорғап, тарих ғылымының кандидаты деген ғылыми атаққа ие болады. Бір-екі жыл жұмыс атқарған соң институт Советінің ұсынысымен доцент атағын ВАК тағайындап бекітті. ҚР қорғаныс министрінің 2000 жылы сәуірдің 21 күні №9 бұйрығы бойынша ПВО әскери бөлімінің запастағы полковник атағы берілді.

Алғашқы зерттеу еңбектері 60 жылдардың екінші жартысынан бастап жеке брошюра, газет-журналдарға орыс және мемлекет тілдерінде шығып жатты.

Қазіргі таңда БҚМУ-дың доценті ретінде ардагерлер қоғамының төрағасы қызметін атқаруда. Ұлы Жеңістің 60 жылдың мерей

тойының қарсаңында «Ардагер Ағалар» атты естелік кітап шығарды (көлемі 16,5 б.т.). Осылайша университеттің коллективімен бірге, білекті сыбанған қоғам қайраткері деген тағы бір атаққа ие болды. Бірнеше грамоталармен, «За оборону Кавказа», «За победу над Германией» медальдармен бірге он бестен астам басқа да медалдарымен марапатталған. Қазақстан Республикасы ағарту ісінің озық иегері.

Егеменді ел болғалы ана тілімізде төмендегідей еңбектері жарық көрген:

1. Ішкі Орда және жалынды ақын Махамбет. А., 2002 ж. көлемі 3,56 б.т.

2. Қазақстан тарихының оқу әдістемелік құралы. Орал, 2003ж. көлемі 2,5 б.т.

3. М.Өтемісұлы – Ұлт-азаттық көтерілістің рухани дем берушісі, Орал 2004ж. көлемі 5,26 б.т.

4. Ардагер Ағалар. Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арналған жинақ кітабы, көлемі 16,5 б.т.

Отан үшін от кешіп, бейбіт өмір сыйлаған ардагерлерімізді ардақтау - бүгінгі ұрпақтың парызы.



Өнечелі өмір

Меруерт Жолдықайырқызы - Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде жарты ғасырдан астам уақыт қызмет еткен ұстаз. Биылғы көктемді аяулы апайымыз мерейлі 95 жасымен қарсы алды.

Ол Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында еңбек жолын 1941 жылы қыркүйекте Жымпиты орта мектебінде және бастауыш комсомол комитетінің хатшысы болып бастаған. 1942 жылы шілде айында Тасқұдық совхозындағы парткомның комсомол жұмысы жөніндегі орынбасары болып тағайындалады. Еңбекке етене араласқан ол соғыстың отты жылдарында жоғары білім алады. Дәлірек айтсақ, 1942 жылғы қазан айынан бастап А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институттың филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде оқып, оны 1946 жылы бітіреді. 1943 жылдың мамыр айынан облыстық радио комитетінің қазақ тіліндегі хабардың дикторы, кейін редакторы болады.

Меруерт Жолдықайырқызы 1945 жылы Ұлы Жеңісті радио арқылы хабарлау бақыты бұйырған жандардың бірі. Әр жыл сайын Жеңіс мерекесі тойланғанда сол кездегі дауыс ырғағына салып, осы қуанышты хабарды қалай жеткізгенін еске алып отырады.

Өзі білім алған институтта қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасына оқытушы болған ол сан мыңдаған студентке әдістемелік кеңес беріп, мұғалімдік қызметтің қыр-сырын үйреткен ұстаз, «Әкем – университет, шешем – кафедра» деген әдемі сөзді соңына қалдырған жан.

Ол қазақ тілін оқыту әдістемесінің білгір маманы ретінде студенттермен етене жақын жұмыс істей білген жандардың бірі. Кәсіби бағдар жұмысымен ауыл-аудандарды аралап, тіл мен әдебиетке жақын оқушыларды тауып, оларды оқуға әкелгендердің бірі.

Сан жыл өтсе де маңызды шаралардың бәрі, тіпті әр студенттің қай жылғы түлек екені есінде, маңызды даталарды жылы мен айы емес, күнімен әңгімелеп



отырады. Өзі оқыған, табан аудармай қызмет атқарған университетінің тарихын жатқа айтатын жан есте сақтау жадысының мықтылығымен де ерекшеленеді.

Меруерт Жолдықайырқызы университеттегі қызметімен шектелмей, қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрді. Ол 1959-1963 жылдары Орал қалалық кеңесіне депутат болып сайланады. Қалалық партия комитетінің пленум мүшесі, А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институттың бақылау комитетінің төрайымы, филология факультеті партия ұйымының хатшысы болды. 1976-1982 жылдары институттың партия комитетінің бюро мүшесі болады.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қоғам өмірінен тыс қалмай, Батыс Қазақстан облыстық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің пленум мүшесі, университеттің ардагерлер кеңесінің



төрайымы болады. Қазақстан, Ресей жоғарғы оқу орындары оқытушыларының арасында өткізілген дойбы, шахмат ойындары спартакиадасының бірнеше дүркін жеңімпазы.

Меруерт Жолдықайырқызының еңбегі өз кезінде бағаланды. Оған алған марапаттары айқын дәлел. Олар – «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісі, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасы, «Еңбек ардагері» және Ы.Алтынсарин медалі.

РИТА СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

Дистанционка - 2020

В связи с событиями мирового масштаба всё в округе перестраивается под новый лад. Образовательный процесс – это наиважнейший компонент формирования личности, который не должен прекращаться. Поэтому, все школы и учебные заведения страны перешли на онлайн обучение, в том числе и наш ЗКГУ. Близится конец учебного года для наших преподавателей и студентов, который означает начало сессии, в данном случае онлайн-сессии. Чтобы узнать как она будет проходить, мы взяли интервью у декана филологического факультета Аскена Самуратовича Муханбеткалиева.

Как пройдет онлайн-сессия?

- Что можете сказать об онлайн обучении и сессии во время чрезвычайной ситуации?

- Это было вызовом для всей страны и вообще, в целом, для всего мира. Но в данном случае, если говорить о нашем ВУЗе, то мы своими силами справились с задачей образования в онлайн формате. Например, стоит учесть, что не все студенты имеют возможность выходить в ZOOM или загружать ответы на задания через образовательный онлайн портал Moodle. Для решения назревших проблем, принимая все меры соответственно возможностям студентов и преподавателей, был организован образовательный процесс, который не прерывался. И мы, преподаватели, с пониманием отнеслись ко всем нашим студентам, а, студенты, в свою очередь, стараются выполнять задания и загружать их на сайт или же отправляют преподавателям на электронную почту, на вотцап, Телеграмм. Таким образом, студенты получали выбирали свои удобные формы связи с вузом, с

преподавателем для выполнения учебных программ. Думаю, что мы все успешно справились с этой задачей. И сейчас принимаем экзамены в таком формате, то есть, в онлайн режиме.

- Какие меры предпринимаются в случае отключения Интернета во время онлайн-сессии?

- Руководство вуза, студенты и мы, преподаватели, понимаем, что никто из нас не застрахован от отключения интернета либо других технических проблем. Поэтому, в случае отключения интернета студент или преподаватель извещает об этом куратора, преподавателя устно или письменно. Далее принимаются меры соответственно ситуации отключения. Например, если это был экзамен, и он не завершен из-за технических проблем, то по заявлению студента предоставляется возможность пересдать его.

- Как сдают экзамен студенты, у которых нет сети в



посёлках? Какие возможности им предоставляются?

- Перед началом сессии был проведен опрос среди всех обучающихся – и студентов, и магистрантов – на предмет их технических возможностей сдачи сессии в дистанционном формате. В ходе опроса были определены студенты и магистранты, у которых нет технических возможностей сдавать экзамены. Сдавать сессию такие обучающиеся на основе заявлений будут в летнее время. Сельские студенты сдают экзамены в таком же режиме, как и городские студенты. Если даже при выборе самим студентом сдачи экзаменов вместе с группой, то есть без перевода на летнее время, обнаруживаются какие-либо проблемы технического характера, то на основе обращения студентов нами принимается решение о пересдаче экзамена по тому или иному предмету.

- Из-за карантина многие ВУЗы страны отменили экзамены. А наш университет проводит в онлайн формате, какова цель такого экзамена?

- Экзамен – это итоговая форма оценки овладения обучающимся необходимым уровнем программы предмета или модуля соответственно. Перед началом экзаменационной сессии Министерство образования с учетом сложившихся условий предложило вузам 3 варианта проведения экзаменационных сессий: 1) Проводить сессию в дистанционном формате (если вуз имеет достаточные для этого ресурсы); 2) Переносить экзаменационную сессию на более поздний срок; 3) Оценивать знание обучающихся на основе двух рейтингов и выводить оценку суммарно. При этом, решение оставалось за вузом. Разные вузы приняли разные варианты. Наш вуз принял первый вариант, так как вуз имеет все необходимые ресурсы для этого. Тем не менее, по просьбе студентов, руководство вуза приняло решение некоторое количество экзаменов для разных курсов принимать суммарно, то есть, на основе рейтингов.

Именно таким необычным образом пройдут экзамены в этом году. Все к ним готовятся и ждут их удачного завершения. А мы же пожелаем всем преподавателям и студентам сил для успешной сессии и скорой счастливой встречи в новом учебном году!

Айзада КАМАЛОВА,
студентка группы Фил-32

Жас қаламгермен жүздесті

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті қазақ филологиясы бөлімінің магистранттары жас қаламгер, «Рух» халықаралық әдеби байқауының жүлдегері Ырысбек Дәбеймен онлайн кездесу өткізді.

2018 жылы «Рух» халықаралық әдеби байқауында романдар арасынан «Жылқы атылған жаз» шығармасы 1-орынға ие болған Ырысбек Дәбей мен оралдық оқырмандар арасындағы желідегі жүздесу өте қызу өтті. Жастар жазушының шығармаларын оқып, кездесуге тыңғыллықты дайындалып келіпті. Авторға шығармалары бойынша көкейдегі сұрақтарын да жолдап, еркін пікір алмасты. Магистранттар шығарма мазмұнын талдаумен шектелмей, қазақ әдебиеттануындағы жаңа бағыттар төңірегінде сол шығармалардан мысал келтіре, пікір бөлісіп отырды.

«Қазіргі жастар прозасындағы заманауи көркем прозадағы нарратив: жас қаламгер Ырысбек Дәбей шығармаларындағы жаңашылдық» деген тақырыппен өткен кездесуде Махамбет университетінің қауымдастырылған профессоры Рита Сұлтанғалиева қаламгердің деректі проза жанрындағы ізденістері, жазушылық шеберлігі, көркем прозадағы дискурс тақырыбы, жазушы туындыларындағы эпикалық ракурс, постмодернистік сипатта суреттелген уақыт пен мекеншік, хронотоп мәселелері аясында теориялық талдау жасады.

Онлайн-жүздесуге қатысқан кейбір магистрант та жазушы шығармашылығы туралы ойларын ортаға салды.

- Жастар қазір мотивациялық, психологиялық еңбектерге үйір. Бірақ көркем шығармадан да талай пайдалы нәрсе алуға болады. Мәселен, «Қоңыз» романы жазушының өзге шығармаларына қарағанда астарлы, терең толғаныстан өтіп жазылған дүние. Шындық. Қатыгездік. Алаяқтық. Астамшылық. Қоғамдағы ащы тірлік. Адамдардың тағдыры. Бұл ұғымдар өте ауқымды мәселе. Романды «Қоңыз» деп атаудың өзі тақырып пен



идеяны аша түседі. Әрине бұл әр қырынан әлі талай жазылар. Бірақ алғашқының орны бөлек қой, - дейді 2-курс магистранты Айгүл Таңатарова.

Ал 1-курстағы магитрант Маржан Шапаеваға «Әкелеріміз айтатын әңгіме» ұнапты. «Бала бойындағы жақсы-жаман қасиеттерін байқаса, қазақ оны ең бірінші әке мен ата тәрбиесінен көреді, тегіне тартқан дейді ғой. Ырысбек Дәбейдің «Әкелеріміз айтатын әңгіме» атты шығармасы кішілік пен кісілік келбет туралы ой тастайды. Маған өте ұнады» дейді. Одан бөлек, Сандұғаш Сағидуллиева, Ләйлі Мақсотова, Ботагөз Ербөлекова, Назерке Есентемір, Аяжан Жәрдемова, Нәзік Махамбетова сынды магистранттар да қаламгердің «Жылқы атылған жаз», «Құлағыңызға сыбырлайыншы...», «Сорға біткен бақ», «Маған өкпелеңізші», «Үңгірдегі үрей», «Құрал қонған қыс», «Тау басындағы қардың дәмі», «Сүйегім жасиды» шығармалары туралы ой-пікірін ортаға салып, қазақ әдебиетін мағыналы-мәнді туындыларымен байытқан жас жазушыға шалқар шабыт, табыс тіледі. Оқырман мен автор арасында өткен бұл кездесу екі тарапқа да өте пайдалы болды.

Дереккөз: egemen.kz

Мақтанышым — БҚМУ

Әр киелі шаңырақтың жанға жайлы бір бөлмесі болатыны тәрізді біздің университетімізде де қазақы қаймағы бұзылмаған керемет бір орта бар. Ол-филология факультеті.

Ең алғаш университет табалдырығын аттағанымда «Енді қалай болар екен? Қандай ортаға тап болар екенмін?» деген сауалдар санамды жаулап алған болатын. Сондай қорқынышпен келген менің көңілімдегі күдік алғашқы күннен су сепкендей басылды. Оның себебі, жүзі жайдары, өнегелі ұстаздар, білімді, саналы студенттер, кең өрі жарық аудиториялар, барлығы да бірінші күннен өзіне баурап алды.

1 жыл осы факультетте оқып жүріп, мен өз факультетімді не үшін жақсы көретінімді түсіндім.

Біріншіден, қазақылығымыз жоғалып бара жатқан, тіліміз қыл үстінде тұрған мына заманда тіл мамандарын дайындайтын факультетте оқитыным үшін, әрбір студентінен нағыз қазақтың ер жігітінің, қылықты аруының бейнесі көрінетін адамдардың арасында оқитыным үшін жақсы көремін.

Екіншіден, ер балаларының қыздарға деген сыйластығы өте жоғары болғандығын, қыздарының басым бөлігінің шаштары ұзын, қастары қиылған, табиғи сұлу боп жүретіндіктерін жақсы көремін.

Үшіншіден, ұзақ жылдар бойы сан мың шәкірттің жүрегіне жол тауып, тек білім нәрімен сусындатып қана қоймай, үлкен өмірге дайындап, зор тұлға етіп шығаратын ұстаздары үшін жақсы көремін.

1 жыл оқысам да, мен өз ортамды адаспай тапқанымға қуанамын. Болашақта мен де нағыз тіл маманы атанып, өзімнен кейінгі ұрпаққа тектілігімізді дәріптейтін тұлға болып шығамын деген үміттемін. Мен өз факультетімді дәл қазіргі күйінде жақсы көремін және барлығы үшін шексіз алғысымды білдіремін!

Аида ОРАЗОВА,
Филология
факультетінің
I курс студенті



ПРОФЕССОР ӘЛИЯ МҰХАНБЕТЖАНОВА – ПАРАСАТТЫ ҰСТАЗ, БІРЕГЕЙ ҒАЛЫМ, БІЛГІР БАСШЫ

Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. «Ұстаз» деген адамзат үшін қашанда қасиетті, қадірлі... «Ұстаздан тәрбие алған» немесе «ұстаз алдын көрген» деген сөздер құлаққа «ана тәрбиесін алған» деген сөздермен ұштасып жатады. Адам баласының жүрегінде қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, соның бірі – ұстазға арналады.

Осындай асыл ұстазымыз, педагогика ғылымында өзіндік орны бар, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған, жастарды білім мен ғылымға баулыған тұлғалардың бірегейі – педагогика ғылымдарының докторы, профессор Әлия Мұханбетжанова Меңдешқызы.

Әлия Меңдешқызы 1951 жылы 25 наурызда бұрынғы Чапаев ауданы, Алғабас ауылы, Тельнов селосында дүниеге келген. Қазіргі Ақжайық ауданы, Қабыршақты ауылында орналасқан «Первомай» орта мектеп – интернат қабырғасында тәрбиеленіп, 1967 жылы білім ошағын тәмамдады.

1967 жылы «Первомай» орта мектеп-интернатын күміс медальмен бітіргеннен кейін, А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түсіп, оны 1971 жылы бітіріп шықты. 1971-1986 жылдары Орал облысы, Гурьев қаласы мектептерінде оқытушы, директордың орынбасары, 1987 жылдан Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, доценті, педагогика факультетінің деканы (1992-2000), университеттің проректоры (2000-2002) қызметтерін атқарған. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті жанындағы ОД 14.61.02. Диссертациялық кеңестің төраға орынбасары міндетін атқарды.

1988-1991 жылдар аралығында бұрынғы Кеңестер Одағы Педагогика Ғылымдары Академиясының (АПН СССР) «Тәрбие теориясы» ғылыми-зерттеу институтына ізденушілікке бекітіліп, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Б.З.Вульфовтың ғылыми жетекшілігімен «Система воспитания детей в комплексе «Школа – детский сад» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаса, 2001 жылы педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.А.Бейсенбаеваның ғылыми кеңесшілігімен «Бастауыш білімді интеграциялау арқылы оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады. 28.11.2002 жылы ҚР ЖАК шешімі бойынша педагогика мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді.

Әлия Мұханбетжанова Меңдешқызы М.Өтемісов атындағы БҚМУ «Педагогика және психология» кафедрасының негізін қалады. 2002 жылы ректораттың шақыруымен ол жаңадан ашылған «Педагогика және психология» кафедрасын басқарды.

Кафедраның қызметі басынан басталды. Бұл әрине, оның сапалы, іргелі қалыптасуына қызмет етті. Әлия Меңдешқызының зор ғылыми тәжірибесі, күрделі ғылыми-педагогикалық үдерістерді басқару және ұйымдастыру тәжірибесі болды, ол кафедра оқытушыларының бірегей, жас және сонымен қатар перспективті ұжымын жинады. Әлия Меңдешқызы әрбір оқытушыда оның әлеуетін көріп, оны қолдау және өзін-өзі жүзеге асыру үшін барлық қажетті жағдайлар жасай білді. Ол өзі ұстаз ретінде жас оқытушылардың бір буынын тәрбиеледі.

Кафедраның қалыптасуының бастапқы кезеңінде кафедра меңгерушісі, профессор Ә.М. Мұханбетжанова мамандарды сапалы кәсіби даярлау үшін қажетті барлық базалық оқу, оқу-әдістемелік және нормативтік құжаттар тізімін жасады. Әлия Меңдешқызының мемлекеттік стандарттармен, типтік және оқу бағдарламаларымен жоғары білікті жұмысы «Педагогика және психология» кафедрасының даму траекториясын алға қойды.

Кафедраның дамуына ерекше үлес қосқан ғылыми мектептің қалыптасуын атап өту керек. 2003 жылдан бастап кафедра жанынан 13.00.01 - Жалпы педагогика, педагогика тарихы және этнопедагогика мамандығы бойынша аспирантура, 540350-Педагогика мамандығы бойынша магистратура ашылып, 2005 жылы Ә.Мұханбетжанованың ғылыми жетекшілігімен Батыс Қазақстан облысында педагогика магистрлерінің алғашқы қорғауы өтті. Келесі жылы кафедрада 6М010300-«Педагогика және психология» және 6М050300-«Психология» магистратура мамандықтары ашылды. Жас ғалым тұлғасын тәрбиелеу, ғылыми еңбек тәжірибесін қалыптастыру, ғылыми қарым-қатынас этикасын қалыптастыру, ғылыми қызмет нәтижелерін ғылыми талдау мен жариялауда құзыретті көзқарасты дамыту - осының барлығы профессор Ә.М.Мұханбетжанованың ғылыми мектебінің негізі болды.

Менеджменттің қыр-сырын меңгерген, көшбасшылық қабілеттері дамыған Әлия Меңдешқызы өзі басқарған

кафедра ұжымының әрбір мүшесіне жақын болды. Әріптестерінің қасиеттері мен қабілеттерін тани отырып, оларды кәсіби қызмет барысында жүзеге асыруға мүмкіндіктер жасады. Жас мамандардың жеке тұлғалық және кәсіби өсуі үшін ақыл-кеңестер беріп, кафедра ұжымын ортақ мақсатты іске асыруға жұмылдыра білді.

Әлия Меңдешқызының зиялы, ықыластылығы, өмірге деген құштарлығы мен шығармашылық энергиясы тек кафедра ғана емес, факультет ұжымының бірігуіне, университет, аймақтық және республикалық деңгейде кафедра мен факультет қызметінде елеулі табыстарға қол жеткізуге ықпал етті.

Профессор Әлия Меңдешқызының жетекшілігімен кафедраның келесі даму кезеңі - оқу-тәрбие үдерісіне инновацияны енгізу болды. Ол жеке алынған мәселелерді (ситуативтік ойлау) ғана емес, ең алдымен қалыптасқан білім беру жағдайын жүйелі, кешенді шешуді (ауқымды ойлау) көре білуді болжай алды.

Кредиттік оқыту технологиясын енгізумен (2006 ж.) кафедрада үлкен ғылыми-әдіснамалық және әдістемелік жұмыстар жүргізілді. Әлия Меңдешқызы жетекшілігімен студенттер мен магистранттарды оқытудың инновациялық әдістері, түрлері мен тәсілдері әзірленіп, оқу процесіне енгізілді. Оқытудың интерактивті әдістері мен оқу және жазу арқылы сыни ойлауды қалыптастыру стратегияларын қолдану ерекше дамыды. Кафедра ашық сабақтардың әдістемелік апталарын, студенттер мен магистранттармен аудиториядан тыс жұмыс формаларын (тренингтік бағдарламалар, ғылыми іс-шаралар және т. б.) өткізуде алдыңғы қатарлы болды.

Профессор Ә.М.Мұханбетжанованың ерекше мұрасы - кафедра қызметін ұйымдастыру және басқару әдістемесі болып табылады. Интернатта оқу кезінде көрген И.П.Ивановтың тәрбие жүйесінің



принциптерін Әлия Меңдешқызы кафедра меңгерушісі болған жылдары аралығында ұстанып өтті. Бұл барлық кафедра мүшелеріне ортақ қамқорлық жасау принципі, барлығын ортақ, біртұтас қызметке біріктіру еді. Нәтижесінде барлық оқытушылар пікірлестерге айналды. Ә.Мұханбетжанованың басқарудың тағы бір маңызды принципі - басқарысу және өзін-өзі басқару қағидаты. Кафедра ұжымы әрдайым өзекті мәселелерді шешу үшін қажетті шығармашылық топтар құра алды. Бұл ретте кафедра мүшелерінің бір-біріне жауапкершілігі, еңбек нәтижелерін өзара құрметтеу, жағдайды шешуде шығармашылық көзқарас болды.

Профессор Ә.М. Мұханбетжанова кадрлық әлеуетті қалыптастыруға және оқытушылар құрамына үлкен көңіл бөлді, ол жинаған және құрған оқытушылар қазіргі кафедраның негізгі бөлігін құрайды. Ғылыми әлеуетті көтеру үшін аспирантураға, магистратураға түсу арқылы ғылым докторы (С.М.Бахишева), ғылым кандидаттары (А.Б.Медешова, Г.А.Ергалиева, А.Х.Касымова, А.С.Иргалиев, Ш.Т.Муканбетова-Габдрахманова, А.Г.Муханбетчина), магистрлар (О.Н.Ерниязов, Д.Ш.Жумагалиева, А.Б.Хайруллина, Ж.С.Исмагулова, Н.Е.Муканова, Ж.Г.Байгалиева және т.б.) дайындады.



Ғалымның бастамасымен университет жанынан Ү.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аймақтық ресурстық орталығы құрылды. Орталықта жалпы орта білім беру мектептерінің, коррекциялық кластардың, кәсіптік-техникалық колледждер мен мектеп-гимназия, лицейлердің әлеуметтік педагогтарына арналған «Әлеуметтік педагог» курсы, мектепке дейінгі білім беру мекемелері мен ЖОББМ шағын орталықтарының «Мектепке дейінгі мекемелердің педагог-тәрбиешілері» үшін қосымша білім беру оқу курстары ұйымдастырылып жүргізілді.

Профессор Әлия Меңдешқызының 10-ға жуық монографиясы, 20-дан астам оқулықтары, 200-ден астам шетелдік және республикалық басылымдарда ғылыми мақалалары жарық көрді. Білім және ғылым

жолындағы атқарған істері жоғары бағаланып, ғалым екі рет (2006 ж., 2010 ж.) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі белгілеген «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, 2008 жылы ғылым мен техниканың дамуына көрнекті үлес қосқан ғалымдар үшін мемлекеттік ғылыми шәкіртақы иегері атанды, білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі» (2001 ж.), «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2007 ж.) төсбелгілерімен марапатталды.

Әлия Меңдешқызы Мұханбетжанова еліміздің педагогикасының дамуына зор үлесін қосқан ірі зиялы тұлға, алтын әріпті ғалым, ғылыми мектеп құрып, артынан ізбасар шәкірттерін тәрбиелеген парасатты ұстаз, ғылым дамуымен қадамын тең басқан заманауи новатор, педагогикалық менеджменттің қыр-сырын терең білетін білгір басшы және көреген көшбасшы ретінде мәңгі жадымызда сақталады.

Әлия Меңдешқызының кафедра дамуына салған энергетикасы және әлеуеті қазіргі М.Өтемісов атындағы БҚМУ «Педагогика және психология» кафедрасы қызметінің іргетасы болып табылады.

Педагогика және психология кафедрасының ұжымы

Алия Мендешевна Муханбетжанова – известный ученый Республики Казахстан, доктор педагогических наук, профессор. Как ученый и педагог она принадлежит к числу научных деятелей, чей труд оставил огромный вклад в развитие научно-методических основ построения нового содержания образования. Алия Мендешевна является одним из педагогов-ученых, исследовавших концептуальные основы и принципы построения новой образовательной модели. С целью изучения зарубежного опыта организации 12-летнего обучения Алия Мендешевна выезжала в научные командировки в Литву г. Вильнюс (2006 г.), Германию города Берлин, Майнц (2007г.). В ходе научных командировок были изучены Стандарты образования начальной школе Литвы, в частности, содержательное построение курса «Мой мир» («Pasaulis ir aš»), представляющего собой интеграцию знаний и компетенций обучающихся о природе и обществе, исторических событиях страны; Стандарты образования дисциплинарной структуризации начальной школы (Grundschule) Германии, представляющий собой комплекс базовых компетенций по математике, немецкому языку, краеведению, музыке и религии, т.е., интегрированно в рамках одного учебно-воспитательного курса «Bausteine».



О ВКЛАДЕ ПРОФЕССОРА А.М.МУХАНБЕТЖАНОВОЙ в развитие научно-методических основ обновленного содержания образования

Проектируя новое содержание образования в логике компетентностного подхода, Алия Мендешевна принимала участие в работе научно-практических семинаров, проводимых «Республиканским научно-практическим центром проблем 12-летнего образования» в г. Алматы и Астане (2006-2008 гг.). В ходе семинаров Алия Мендешевна выступила в составе авторского коллектива по разработке Государственного общеобязательного стандарта среднего общего образования (ГОСО РК 2.003-2007). Под ее руководством разработана образовательная программа «Окружающий мир» (1-4 классы) образования в логике компетентностного подхода.

С целью экспериментальной апробации научных разработок Муханбетжанова А.М. систематически организовывала и принимала участие на республиканских научно-практических семинарах, конференциях и мастер-классах для педагогов на темы: «Изменение программного обеспечения 12-летней школы в Республике Казахстан», «Концептуальные основы и принципы построения содержания образования», «Подготовка педагогов к изменению программного обеспечения 12-летней школы в Республике Казахстан»;

«Интегрированное содержание учебного предмета «Окружающий мир» и др.

Колоссальный труд педагогов ученых, в числе которых была и Алия Мендешевна, привел к новому осмыслению принципиально новых целей и задач, содержания и технологии обучения, новой формы оценивания. И как ученый она продолжала проводить исследования по проблемам внедрения обновленного содержания среднего образования в команде менеджеров Центра педагогического мастерства АОО «НИШ» вести работу по совершенствованию содержания обновленных программ по познанию мира и естествознанию, разрабатывать задания для формативного оценивания обучения.

Ставлю многоточие и выражаю огромное сожаление, о том, сколько еще значимых трудов могла бы сделать Алия Мендешевна, если бы ее не поразил недуг. Преклоняюсь перед ее именем - она педагог, посвятивший свою жизнь служению Родине, отечественной науке и образованию.

Д.Ш. ЖУМАГАЛИЕВА,
зав.кафедрой филиала
АО «НЦПК «Өрлеу» ИПКПР ЗКО

Ой-өрнек

«БОЙЫНДА ЖІГЕР ТҮНҒАН...»

Мен елімнің патриотымын... Бұл сөз көкірегімде нұр ойнатып,кеуде тұсындағы жұдырықтай дүниені еріксіз бұлқытып, әсіре бояясыз, риясыз сезімге бөлейді. Бойымда асқақ рух пен салмақты жауапкершілік орнайды.

...«Елімнің гүлденуі үшін не істей аламын?», «Не істей алмақпын..?» Күрделі сұрақ... Осы сұраққа жауап табуда санам сан шырмалып, ойым мың түрленеді.

Ата-бабамыздан аманат болған жеріміз бен елімізден, салт-дәстүрімізден, елдігімізден, тілімізден ада-күде айырылу болмас-ты деймін.

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты
Қырандай күшті, қанатты

Мен жастарға сенемін! – деп Мағжан Жұмабаев жырлағандай, қасық қаны қалғанша жерін қорғаған асылдарымыз салып кеткен ақжолтай ғұрыпты жалғастыру - біздің, жастардың қолында. Халқымыздың қам-қарекетін ерте ойлап гүлденуіне өз үлесін қосқысы келер жастардың бірімін. Арманым, мақсатым бар... Асыл арманымды арқалап сүйікті мамандығыма оқуға түстім. Бұл мамандық – мен сүйген мамандық, ел сүйген мамандық..Ұстаздыққа бет бұрып, «бар» мен «жоқтың» арасын қоспақ үшін, білімім мен бар ғұмырымды сарп етіп, енді бірде билік пен бұқараның алтын көпірі ретінде ашық диалог орнатар, жабыққанда құлқынның қамын күйттеуден бұрын елдің көз жасын сүртер журналист болып ұлтқа қызмет етіп, қоғаммен бірге боламын. Жеңістерім мен толағай табыстарды өз Отанымның гүлденуі жолына арнаймын.

Сан жылдарымыз жағдайымыздың жыртығын жамауға,тыртығын түзетуге кетті. Алайда, табанды, қарышты дамудың арқасында көсегеміз көгеріп, елімізді әлемдік аренаға қосу міндеті бізге жүктеледі. Осы орайда мен: Біріншіден, тұтастық астында бірігіп, бірлігімізді бекемдеп, қазақ руханиятының «иммунитетін» әлсіреткен небір жағдайлармен күрескім келеді. Мәселен, қазақтың

қоғамы дертіне айналған - діни қайшылықтар мен сыбайлас жемқорлық. Ел ішіне іріткі салған бейтарап жағдайлар, яғни, жат ағымның жетегіне кетіп, шырмауына түскен жастардан, «бармақ басты,көз қыстылық» заманның шеңберінен шыға алмаған әрекеттерден өз Отанымды ада ұстауды парыз еттім. Абайша айтсам, «Іште дерт қалың,ауызда жалын,бұрқ етіп көзден жас шықсын...» деп, осынау шыр айналдырған қырсықтармен күресті еліммен бірге бастап, жастарды қазақша тәрбиелеп, қаймағы бұзылмаған дәстүрімізді негізге алып келешек ұрпақтың көзі қарақты, көкірегі ояу ұрпақ болуына өз үлесімді қосқым келеді.

Екіншіден, Мен жастарға: «Алдарыңда таудай талап тұр. Өмір заңғарлары үнемі биікке шығарады. Оған жету үшін талмай ізденіңдер»,- дер едім. Жастарға тоғышарлық,бойкүйездік дертінен аулақ,сергек, сезімтал болған жарасады» деп Ғабит Мүсірепов айтқандай, талап пен талантты өн бойына ұштастырған сана-сезімі, түйсік-танымы жоғары азаматшасы ретінде халқыма ерен еңбегімді сіңіргім келеді. Бүгінгі таңда елімізде ауқымды жобалар іске асырылып, жастардың білім алуына, жеке кәсіптерін ашып, мемлекет экономикасын дамытуға айқын жолдар ашылуда. Осынау жобалардың болашақтың алтын арқауы болуына қалтқысыз сенер, ғылым мен өнеркәсіп, бизнес бағытында дамудың даңғылын салар, халқының үкілеген үмітін ақтар тірегі болу – мақсатым.

Сонымен қатар,толыққанды тұлға ретінде білім жүйесіндегі олқылықтар ұрпақ болашағына сүренсіз сурет салмасына талдаулар жасап, кемшін тұстарға,болашақ ұстаз ретінде айқын бақылаулар жүргізіп, өз пікірім мен жарқын идеяларымды паш етіп, жаңаша білім беру бағытында қазақтың білімді жастарынан нағыз «феномендерді» шығарғым келеді.

Үшіншіден, ең негізгі мақсатым – ана тіліміздің мәртебесін көтеру, ғылым мен білімді,экономикамыз

Любимый педагог - это всегда лучший педагог. Какой он? Прекрасно владеющий своим предметом, умеющий заинтересовать студентов, убедить их в необходимости самостоятельного овладения знаниями, позитивный человек с твёрдыми жизненными принципами.

БЛАГОДАРСТВЕННОЕ ПИСЬМО УЧИТЕЛЮ

Именно таким Педагогом являлась Муханбетжанова Алия Мендешовна. Для нас, молодых преподавателей, она всегда будет любимой и особенной. Иногда меня удивляла её безграничная работоспособность, она очень добросовестный, целеустремлённый и жизнелюбивый человек. Всегда доброжелательная, но принципиальная, Алия Мендешовна очень любила студентов и свою работу, поэтому её лекции продуманы так, чтобы каждому из нас всё было не только понятно, но и интересно. А ещё это уроки доброты, на которых она старалась привить нам лучшие человеческие качества.

У Алии Мендешовны удивительный голос, она владела им в совершенстве, подбирая тон и интонацию в зависимости от ситуации. Он мог быть приветливым или чуть-чуть осуждающим, требовательным или подбадривающим, весёлым или с грустинкой. У неё было прекрасное чувство юмора, она умела найти особые слова одобрения и поддержки. Если мне нужен был совет, я шла к ней за помощью. А какая у неё особенная улыбка! Когда Алия Мендешовна улыбалась, в уголках её глаз сбегались маленькие морщинки, и казалось, что вся она светится добротой.

Её уважал весь университет, студенты и родители, так как она не только Учитель (с большой буквы), но и очень порядочный человек!

В моей памяти вечно будет этот человек, с ярко горящими от идей карими глазами, имя которому - УЧИТЕЛЬ.

Ее практический опыт, профессионализм и самоотверженный труд продолжают служить интересам университета, города, страны.

Мы восхищались ее неутомимой энергией, мудростью и любовью к выбранному делу и студентам. Авторитет Алии Мендешевны являлся для многих преподавателей ярким примером работоспособности, требовательности и самоотдачи.

С.А. ШУЙНШАЛИЕВА,
педагог-психолог высшей категории
Областной психолого-медико-педагогической консультации

ы,руханиятымызды,тарихымызды қазақша жаңғырту. Өйткені, «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» дегендей, мемлекеттің дамуында мемлекеттік тілдің ғұмырын алға тартып, қоғамда алатын орны ерекше екені бағзыдан белгілі. Амап нешік, заман зауқы әрқалай. Бетке шығжырып тұрып басардай рас сөз – тіліміздің қай салада болмасын шұбарлануы көңіл қынжылтады. Үш тұғырлы тіл...Өзге тілден ана тілімізге мағынасын жоғалтпай аударылса құба-құп. Үш тіліміз тұғырынан тайып, бір-бірімен байланыс таба алмаған тұста,тіл мәртебесін тіктеу – мыңболғыр тіл жанашырларына міндет. Әрине, парыз хақында. Мәселен, тілдің ұлттық пошымы анық емес бейәдеп жарнамаларды түзетуге, әлемжеліде қазақ жастарын қазақша сөйлесуге, қоғамдық орындарда, көліктерде, жиындарда, қайсыбір салада болмасын, ғылыми-техникалық прогресстің кеңістік құрған кезеңінде,ақпараттық технологияның өз ана тілімізде дамуына орасан болмаса да айырықша ықпал етіп, қазақ тілінің биіктігін санаға қондырғым келеді. Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабиден бір басшы өз елінің болашағы туралы сұрағанда «Сен алдымен жастарыңды көрсет, сонда мемлекетіңнің болашағын барлау қиынға соқпайды» деп жастары білімді жұрттың болашағы бұлыңғыр болмайтынын айтқан-ды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Жастарымыз ар-намыс, парызға сенімділік,парасаттылық, Отанымыздың өркендеу жолындағы жасампаздық сияқты жоғары құндылықтардың жолын ұстанып өсуі тиіс»,- деп мәңгілік Еліміздің жалынды жастарына үміт артады. Қазақстанымның, атамекенімніңжұлдызының жарқырап, дамыған алпауыт елдермен терезесінің теңесуіне титтей де болса өз үлесімді қоссам деген асыл перзенті болу – мен үшін бақыт... Тәуелсіздік туын тіктеген, әлем мойындаған зайырлы Қазақстан, ол – кемел келешекке қол созған,жүрегі «қазақ» деп соққан әрбір азаматтың еңбегінің жеңісі.

Шұғыла ЕҢСЕП,
Филология факультетінің 1-курс студенті

МЕЙІРІМДІ ҰСТАЗ, МЕРЕЙЛІ ҒАЛЫМ



Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік—саяси пәндер кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Боранбаева Бақтылы Сансызбайқызы - өлке тарихының өзекті мәселелері жөніндегі «Ғұмар Қараш. Қоғамдық саяси-қызметі» (Алматы: «Арыс», 2014. — 232 б.), «Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының қазақ қыздары». (Орал: «Полиграфсервис», 2015. — 228 б.), «Орал өлкесінің тарихи мәдениеті XIX ғасырдың II ж. XX ғ. I жартысы» (Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ. РБО, 2019 — 202 б.) монографияларының, сондай-ақ Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай құрастырылып шығарылған «Отты жылдар қаһармандары» (Орал: «Полиграфсервис» 2017.—380 б.) атты (т.ғ.д. профессор Б.Ғ. Шынтемировамен бірлестіктегі) естеліктер жинағының авторы.

2014 жылы жоғары оқу орны ішілік «Үздік ғалым» номинациясының жеңімпазы атанған ғалым Б.С.Боранбаева 2017 жылы Польша Республикасының Быдгощ қаласындағы Экономика университетінде шетелдік тағылымдамадан өтті.

«Алашорда үкіметі мен Алаш автономиясының 100 жылдығының құрметіне» арналған (№39) және «Ойшыл

ағартушы ақын Ғ.Қараш» атындағы (№ 003) медалдарының иегері, Ғұмартанушы ғалымның ізденіс жұмысының нәтижесі шетелдік Скопус базасында «In Important Name in Kazakhstan Jadidism Movement a Clerik: Omar Karas, life and Activities (1875-1921)» (ANKARA. 2019. ISSN 1309-9778 E- ISSN 1309 -5137. С. 245-280.) жарияланды.

ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Құрмет Грамотасы (2017) иегері, ғалым-ұстаз отандық жоғары оқу орындарындағы тарих мамандығының қазақ топтарында оқитын студенттер үшін:

1. «Орта ғасырлар тарихы (V ғ. II жартысы — XVII ғ. ортасы)» Астана: «Фолиант». — 2013 — 256 б.) оқу құралын;
2. «Орта ғасырлар тарихы (V ғ. II жартысы — XVII ғ. ортасы)» электронды (ҚР Әділет Министрлігі. Куәлік ИС 008131. №806. 2017 ж. 24 сәуір.) оқулық;
3. «Ортағасырлар тарихы пәнінен студенттің өздік жұмыстарының тапсырмалары» атты (магистр Н.Н.Маймановамен бірлестікте) оқу-әдістемелік құралын баспадан (Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ. РБО, 2019- 202 б.) шығарды.

Ол - болашақ тарихшы студенттерді ғылыми ізденіс жұмысына дағдыландыратын «Атамекен» үйірмесінің жетекшісі.

Өлкетанушы Б.С. Боранбаева ҚР Білім және Ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған отандық ғылыми басылымдар «Отан тарихы», «ҚазҰУ хабаршысы», Халықаралық электрондық журнал «Edu-e.history», «Қазақ тарихы», «БҚМУ Хабаршысы», сонымен бірге республикалық мерзімді «Егемен Қазақстан», «Түркістан», «Ақиқат» басылымдарында жарияланған архив деректері негізіндегі тың зерттеулері арқылы республика оқырмандарына танымал ғалым.

Жүректерге жылу құйған біліммен

Ұстаздық қызмет пен ғылым жолына ғұмырын арнаған, адамгершілік бейнесі мен парасаттылығы, адам жанына жылылық пен адами құндылықты дарытатын қарапайымдығы қатар үндескен жанның бірі - дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Журасова А л т ы н а й Шугаевна.

Ғ ы л ы м и - педагогтік қызметінің үлкен бір саласы - жоғары оқу орындары үшін оқулықтар мен көмекші құралдарын, оқу-әдістемелік кешендер жасау және оны шығару ісімен байланысты. Бұл бағытта А.Журасова 2 оқулық, 6 оқу құралын, электронды оқу құралын даярлап отыр. ЖОО «Тарих» мамандығына арналған РӨӘ өткен «Ежелгі Шығыс тарихы», «Ежелгі дүние тарихы. 2-бөлім. Антикалық дәуір» атты оқу құралдары студенттердің білімін тереңдету мен өз тәжірибесін таратудың басты көрсеткішінің бірі болса, қазіргі білім саласындағы академиялық ұтқырлықты да жүзеге асырып, Ш.Есенов атындағы Каспий инжиниринг және технологиялар университетінде дәрістер оқыды.

Қазақстан Республикасы көлеміндегі біліктілікті арттыру курстарынан өтумен қатар 2016 жылы Польша мемлекетінің Вармин-Мазур университетінде ғылыми тағылымдамадан, Лефка Европалық университетінде (Солтүстік Кипр, Түркия) біліктілік курсынан өтіп, тәжірибе алмасып келді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының сарапшылар комиссиясының мүшесі ретінде ел мүддесін ойлаудың әрбір ел азаматына тікелей қатысы бар екендігін сездіру бағытындағы жұмыстарға да өз ұжымымен бірге үлесін қосып, жыл сайынғы айтулы күндерге, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға байланысты халықаралық, республикалық конференциялар мен онлайн конференцияларды, дөңгелек үстелдерді өткізуге ұйытқы болып, университетпен қатар, өлкеміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене атсалысып отырады.

«Білім мен ғылым егіз» дегендей, Алтынай Журасова - ғылым саласында да өзіндік орны бар ғалым. А.Ш.Журасованың Ұлы Отан соғысынан кейінгі Орал қаласының даму тарихы жайында «Орал қаласының тарихы: әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы (1946-2011жж.)» монографиясы және 100-ден астам мақаласы шетелдік, соның ішінде скопус базасындағы басылымдарда («Gurrent science», «Европейское научное обозрение» т.б.) жарияланып, авторлық куәлікке ие болды.

А.Ш.Журасованың жетекшілігіндегі шәкірттер ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған конкурстардың жүлдегерлері (Мурзабаева А., Гарифуллина А., Калиева М. және т.б.) атанып, әрдайым үздіктер қатарынан көрініп жүр.

Оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстарының нәтижесі бойынша 2015 жылдың 28 желтоқсанында ҚР Білім және ғылым министрінің «ЖОО үздік оқытушысы» атағына, 2017 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі жанындағы ғылым мен білімді қолдау орталығы ұйымдастырған «Білікті маман» конкурсында «Құрмет» төсбелгісіне ие болды.

Қазіргі таңда оқу-тәрбие жұмыстарымен қатар, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты мақаласында көрсетілген «Туған жер» бағдарламасы аясында жаңа зерттеу жұмыстарымен айналысу үстінде.

А.Ш.Журасова - өзінің қызметінде университеттің барлық шараларынан тыс қалмайтын, өз ісіне өте жауапты, тәжірибелі оқытушы. Білім мен ғылымды ұштастырып отырған А.Ш.Журасова бірнеше мақтау қағаздары мен алғыс хаттармен марапатталған.



Ұлағатты ұстаз - ұлт мерейі

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Отандық экономика саласы ғылымының дамуына үлесін қосып жүрген бірқатар экономист ғалымдар бар. Солардың бірі – «Экономика және менеджмент» кафедрасының доценті, экономика ғылымдарының кандидаты Тлесова Айгуль Бақытжанқызы.

Тлесова Айгуль Бақытжанқызы соңғы 5 жылда Білім және Ғылым Министрлігі грифімен және Республикалық оқу-әдістемелік кеңесімен ұсынылған 2 оқулықтың (оның біреуі ағылшын тілінде), 6 оқу құралының, 5 монографияның және 100-ден астам мақаланың, соның ішінде ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған мерзімдік ғылыми басылымдарда жарияланған 10 мақаланың, 2 куәліктің авторы. Елбасының көптілділік білім беруді насихаттау барысындағы саясатына сай Айгуль Бақытжановнаның ағылшын тілінде жариялаған «The analysis of foreign trade activities of the republic of Kazakhstan in the conditions of crisis» деп аталатын монографиясы 2018 жылы Францияда жарық көрді. 2018 жылы «Қазақстанның аграрлық саласының инновациялық дамуы: қазіргі жағдайы, мәселелері мен болашағы» атты ынталы ғылыми-зерттеу жұмысын орындады. (Мемлекеттік тіркеу № 0118РКИ0603).

Scopus компаниясының деректер базасына кіретін және импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдарда:

1. «Streamlining human resource management at enterprises operating within Kazakhstan's present-day agro-industrial complex»//Journal of Internet Banking and Commerce(Canada) ISSN 1204-5357- December 2016, vol. 21, no. S6-P.14 Special Issue: Territory and Industry: The Search for Innovative Ways of Developing Edita By: Eda Yasa Ozelturkay

2. Reflections on Sustainable Development Planning in the Agricultural Industry// Journal of Environmental Management and Tourism, 591-599p. Quarterly Volume IX Issue 3(27) Summer 2018. ISSN 2068 – 7729 Journal DOI <http://dx.doi.org/10.14505/jemt> University of Craiova, Romania

3. Improvement of innovative economic policy// Journal of Applied Economic Sciences.- 2018. -Volume XIII, -Fall 6(60): 1654-1667 мақалалары жарияланды.

Айгуль Бакытжановна ғылыми жұмыстармен интенсивті түрде айналысып келеді. Өртүрлі деңгейдегі өткізілген, соның ішінде Франция, Чехия елдері мен Ресейдің Москва, Саратов, Самара, Орынбор Элиста (Қалмақ республикасы) және Қазақстанның Астана, Алматы, Орал, Ақтөбе, Ақтау, Атырау, Шымкент, Көкшетау қалаларында оздырылған ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен форумдарға қатынасып, конференциялар жинақтарында өз мақалаларын жариялап келеді.

А.Б.Тлесова - көптеген жылдар бойы экономика мамандықтарының студенттері мен магистранттарының экономиканың әртүрлі салалары бойынша жазылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етіп келеді. Оның жетекшілігімен 20-дан астам магистрлік диссертациялар жазылып, 50-ден астам магистрлік диссертациялар мен ғылыми жобаларға сын-пікір берілді.



Сонымен бірге, А.Б.Тлесованың жарияланымдары мен ғылыми еңбектерінде жарық көрген теориялық-әдістемелік көзқарастарын Қазақстан Республикасының басқа да аймақтарында осындай мәселелерді зерттеуде және жұмыс нәтижелері мен ұсыныстарын Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелері Батыс Қазақстан облысының халық шаруашылығы және әлеуметтік салаларының дамуы бойынша аймақтық әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларын жасауда қолданып келеді.

2017 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болды. Бірнеше Құрмет грамоталары мен мақтау қағаздарына ие.

Қазақстан Республикасының көлеміндегі біліктілікті арттырумен қатар, жинақтардың тәжірибесі мен алған білімін шыңдау мақсатында 2018 жылдың шілде айында ЮНЕСКО халықаралық ұйымының ұйымдастыруымен Франция мемлекетінің Париж қаласындағы Сорбонна университетінде (Université Paris Sorbonne Cité) ғылыми тағылымдама мен біліктілікті арттыру курсынан өтті.

Доцент А.Б.Тлесова - өзіндік пікірі бар, үнемі ізденіс үстінде жүретін зерттеуші, ұжымда беделді, өз ісінде жауапты қарайтын ғалым. Ұстаз кафедраның қалыптасуына, факультетте және кафедрада оқу процесінің жетілуіне, оқу-әдістемелік жұмыстардың жандануына және жалпы қоғамдық жұмыстардың дер кезінде орындалуына қызмет етіп, тер төгіп жүрген еңбекқор, өзіне де қатал талап қоя білетін іскер маман.

Шәкірттерін ғылым нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, ізденімпаз ғалым, ұлағатты ұстаз Айгуль Бақытжанқызының елеулі еңбегі мен ғылым жолының дамуына қосқан үлесі орасан зор.



Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

А. Байтұрсынов

Журналист

(Journalist)



№2 (27), мамыр, 2020 жыл

Рухани тәжірибе

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі Қыдыршаев Абат Сатыбайұлымен жүргізілген сұхбат.

ЗЕРДЕ МЕН ЗЕЙІННІҢ СҮЗГІСІ

- Абат Сатыбайұлы, Сіздің ойыңызша көркем шығарма оқудың тиімділігі, оқырманға берер рухани құндылығы неде? Мысал келтіре айтсаңыз?

- Көркем шығарма оқудың тиімділігі таңғажайып. Көркем шығарманың оқырманға берер рухани құндылығы ұшан-теңіз. Көркем шығарма - рухани жаңғыру көзі. Ал рухани білім қашан да шынайы, толық, анық, мықты әрі жүйелі болуы тиіс. Көркем шығарма ақылыңа ақыл қосады, ал ақыл еркіндікке жол ашады, еркіндік әрекетке иелік етеді. Көркем шығарма даналыққа баулиды, ал даналықты үйрену адамды мықты әрі жанын жомарт етеді. Көркем әдебиетті сүймеу, оқымау мүмкін еместей болуы тиіс. Мәселе тек бастапқыда оның дәмін татуда, хош иісін сезуде. Одан әрі оның арынына тосқауыл болу мүмкін емес. Себебі халықтың рухани тұнбасы «әдебиеті мен өнері ұлы болмаған жерде ұлт та ұлы бола алмайды» (Ғабит Мүсірепов). Мұхтар Әуезовке сүйене айтар болсақ, қай дәуірде де өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді зиялы интеллектуал бола алмайды. Себебі ол қандайлық мамандыққа қатысты білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ кейіпте. Демек, «әдебиеттің атқаратын орасан зор қызметімен ештеңе де теңесе алмайды» (Сағатхан Әшімбаев). Ал көркем оқудың оқырманға берер рухани құндылығы да оның адам баласына алғашқы кезекте сыйлар эстетикасынан басталмақ. Мәселен, бір танымал ұлы қаламгерге жас жазушы келіп, тырнақалды жазған әңгімесін бағалауды өтінеді. Тәжірибелі тарлан алғашқыда жас жігіттің арқасынан қаға, таудай талабына ризашылық танытып шығарып салады. Жас жазушы қайтара оралады. Қаламгер әңгімені парақтап қарай отырып, екінші ретте де жас тұлғаның қадамына құптау білдіреді. Бұған да қанағат тұтпай үшінші қайтара оралған жас жігіт классик жазушының жазылған шығармаға сын айтуын қалап қадалып тұрып алады. Сонда ғана өмір көрген тәжірибелі жазушы: Айтыңызшы, Сіз осы жазған дүниеніңізді көркем шығарма деп есептейсіз бе? - деп сұрайды. Мұндай оқыс сауалдың боларын күтпеген жас жігіт: - Бұлайша айтуға қандай дәлеліңіз бар? - дейді. - Мәселен, Сіздің әңгімеңізде «Бес тиын ақша жерге түсті» деген сөйлем бар. Осы сөйлемнен оқырман қаншалықты ләззат алмақ. Ешқандай да, себебі бұл тек ақпарат қана емес пе?! Көркем шығармаға тән образ қайда, жанды қозғалыс қайда? - дейді жазушы. - Сізше қалай болар еді? - деп жас жігіт енді қызарақтап шамдана бастайды. - Мәселен, былай болса ше: «Бес тиын пақыр ақша жерге ыршып түсті де, зыр-зыр қағып дөңгелей жөнелді»... Көркем шығармада алғашқы кезекте образ, динамика болуын ескергейсіз, қалқам!.. - дейді қарымды қаламгер. Жас жазушы не айтарын білмей, мүдіре ойланып қалса керек. Бір мезетте тілге келіп: - Сонда қашан, қалай жазуға кеңес берер едіңіз? - деп сұрапты баяулап... - «Біріншіден, інім, қашан жазбауға мүмкіндігің болмаған кезде жазғайсың! Екіншіден, жаза қалсаң, соқыр көретіндей, саңырау еститіндей жазғайсың!» - деген екен дүлдүліміз... Бұндай астарлы терең тағылымды дүниелерді келтіре беруге болар...

- Сізді шешендік өнер саласын, риторика ғылымын, қазақ афористикасын зерттеуші республикаға белгілі ғалым - педагог ретінде



білеміз. Осы орайда оқырмандарымызға қазақ афоризмдерінің құндылығы, бүгінгі жаңа ұрпақты рухани құндылықтар негізінде баулу мәселесіне қатысты не айтар едіңіз?

- Біле білсек, қара жерде өлмейтін - Алла жіберген сөз ғана! Сөз - Тәңірінің елшісі! Егер де жақсы кітап - ұлттың антологиясы десек, әрбір ойлы афоризм - жеке бір жақсы кітап іспетті. Ата-баба нақылы - құндылық көзі. Өнеге - нақылдан. Жалпы адамзатқа тән бағзы заманнан келе жатқан кемеңгерлік тұрғыдағы таңғажайып нақыл сөздерден үйренуіміз керек. Барша жұрт қабылдап, айтып жүретін қып-қысқа нақыл сөздер мен мақалдар барлық адамға ақиқат болып көрінбесе, ондай нақыл сөздер ғасырдан ғасырға жетпес еді. «Ұрпақтың ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы - өзі бастан кешкендерден түйген азды-көпті рухани тәжірибесі. Одан қол үзген қауым - келешегінен қол үзген қауым» (Әбіш Кекілбайұлы). Бір ғажабы, қуаты мол, тапқырлыққа толы тамаша нақылдар ешқашан ұмытылмайды: олар ғасырлар бойы есте сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Демек, аталар сөзі - ақылдың көзі.

Адам мақсатына рухани жағынан өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді десек, адам бойына рухани құндылықтардың даруы нақыл сөздерді қолдану арқылы да сіңбек. Ал нақылдап сөйлей алмаған адамға қалай қарау жөн? Халық даналығына бойласақ, айтар нақылы жоқтың, табар ақылы жоқ. Халыққа нақылмен ойлау тән. Құтып дана болжағандай, нақыл сөздер көп болғанымен, айтар адам аз. Нақышымен нық қадап, түбіне жеткізе сөйлеген адам - шешен адам. Телегей тәжірибеге жүгінсек, ұлы адамдардың өздері де өткір сөздің қолжаулығымен жүруді жек көрмейтінін байқаймыз.

Нақыл - ой тұнбасы. Тұңғыық ойлар - өзін ештеңемен суырып ала алмайтындай тұрғыда ақылға сіңірілген мық шеге. Құстың қапелімде жерге түсіріп алған жалғыз дөнінен кейде уақыт өте келе тұтас бір орман, жаңа бір туынды өсіп шығады... Кемеңгерлердің нұрлы ойларымен танысу таңғажайып ой жаттығуы іспетті.

Ақылды құнарландырып, ойды сындарлы етеді. Жасқа да, жасамысқа да қажетсіз болуы мүмкін емес. Өлемдік өркениет жұлдызы Лев Толстойдың бірде: «Менің өзгенің ақылымен өмір сүргім келмейді, қажет болса, өзім ойлап аламын» дегенді жастар тарапынан жиі естиміз. Ойлап қойылғанды ойлап жатудың қажеті қанша? Барды ал да, ілгері жылжы. Адамзаттың күші осында», - дегені бар-ды. Ендеше, аталы сөз - тоғыз қабат қорғаның. Қасиетті сөздер өздерін қайталаптырып оқыттырады емес пе?

Француз жазушысы, қоғам қайраткері Ромен Роллан грек, рим ғұламаларының афоризмдеріне терең бойлай келе: «Бұл гректер мен римдіктерде менің нем бар еді? Олардың сүйегі қурап қалғалы қай заман? Олар маған не айта алмақ? Менің оларға қарағанда кем білетінім неде? Осы тұрғыда ойландым да кітапқа менмендікпен, бейне бір өзенге қармақ тастағандай бей-жай жанармен селсоқ көз жүгіртіп, парақтай бастадым. Бір кезде, достарым, демім шықпай, сілейіппін де қалыппын... Достарым-ай, қармақ салудың көкесі деп осыны айт... Қандай сазандарды, шортандарды бірінен соң бірін тартып шығарып жаттым десеңші! Бұрын-соңды көріп білмеген шетінен алтын, күміс түсті сан алуан балықтар... Бір ғажабы олардың әрқайсысы қилы қалыпта би билеп жүр... Ал мен болсам оларды әлдеқашан өлдіге санаған едім», - деп жазады. Сенсеңіз, әлемдік деңгейдегі құндылық көзі, ақылдың өзі афоризмдерге ғашықтығым тап осы ойдың үдесінде. Имандай шыным! Ендеше, халық жадындағы афоризмдер кешені - даналықтың зердесі, парасаттылықтың пердесі, кемеңгерліктің көзі, ғұламалықтың өзі. Әбіш Кекілбайұлына жүгіне айтар болсақ, «қазір қайсысымызға да ақша да, басқа да қат болғанымен, ең басты қат нәрсе - ақыл. Жанашыр достың ақылы. Көргені көп кемелдің, жеткені көп беделдің немесе солардың тереңіне бойлай білген зерде мен зейіннің айтатындары». Демек, афоризм - «көргені көп кемелдің, жеткені көп беделдің» өмірі тәжірибенің «тереңіне бойлай білген зерде мен зейіннің айтатындары».

- Отбасында ата-әже ретінде немере-жиендерге ертегі, мысал, тақпақтарды бірлесе оқуға қалай қарайсыз? Тиімділігі неде?

Қазақтың қайсар мінезді талантты ақыны Қасым Аманжолов айтқандай, отбасы - шағын мемлекет. Отбасының сәні - сыйластық, достық сәні - қимастық емес пе? Халық даналығына ден қойсақ, атасыз үй - батасыз, анасыз үй - панасыз. Ал бала - адамның бауыр еті, жүректің миуасы, көңілдің гүлі, көздің нұры. Бала - балым, баланың баласы - жаным. Бала балдан төтті, немере жаннан төтті. Олай болса, отбасында ата-әже ретінде немере-жиендерге ертегі, мысал, тақпақтарды бірлесе оқу - аса қажет іс. Баланың жақсысы - сүйініш, жаманы күйініш. Баланың сүйініш болуы да, күйініш болуы да ата-әже, әке-ана тәрбиесінен. Бұл ретте баланы ақырып үйретпе, ақырын үйрет дейміз. Баланы жақсылыққа жанастыру, жамандықтан адастыру жөн. Отбасында ата-әжелеріміздің немере-жиендеріне ертегі, мысал, тақпақтарды бірлесе оқуының, ауызша образға ене мазмұндап, мәнерлеп айтуының тиімділігі шаш етекпен. Бұл - менің сүйікті ісім, ұнататын хоббиім! Көмекшілерім - балаларды кішкентайынан халық ауыз әдебиетімен сусындататын көркем суретті қиял-ғажайып, тұрмыс-салт және батырлар туралы ертегілерінің жинақтары, Қадыр ақынның «Күміс қоңырауы» және «Айгөлек» республикалық балалар журналы, т.б. «Талапты бала талпынған құстай, Құмары қанбас биікке ұшпай» дегендей, баланы армандауға, қиялдауға, сөздік қорын байытуға баулисыз. Сөздің тонын, мәнерін қалыптастыра шыңдайсыз, шеберлігін арттырасыз. Күнсіз гүл өспесін, күтімсіз ұл өспесін білген жөн. «Әдепті бала - арлы бала, әдепсіз бала - сорлы бала» демекші, әдепсіз бала - аяққа басылған шала. Демек, аталған іс - немере-жиеннің өдебін қалыптастыруға сеп. Сұтазына қарап бала өсерін, бақташысына қарап мал өсерін ескерсек керек. «Балаға айтқан сөз - байлаусыз бұзау» деп түңіле бермегейсіз. Баланың аузымен періште сөйлерін ескергенге не жетсін! Бала - ата-ананың көз қуанышы емес пе? Түптің түбінде ата ұлы аталықтың сөзін айтары даусыз. Ендеше, бұл ретте Майқы би бабамыз айтқандай, тұлпардан тұлпар туарын, сұңқардан сұңқар туарын, асылдан асыл туарын, жалқаудан масыл туарын, масылдан мал бақпас туарын, тілазардан қылжақпас туарын, сараңнан бермес туарын, соқырдан көрмес туарын, мылжыңнан езбе туарын, қыдырмадан кезбе туарын ескерген жөн-ау! Қысқасы, келешек ұлт тірегі болар тұлғаның кісілігі - бүгінгі ата-әженің немере-жиенді ұлттық құндылықтарға орнымен баули білуінде.

- Қадірлі Абат Сатыбайұлы, қойған сауалдарымызға тереңнен қайыра шынайы жауап бергеніңізге рахмет!

Сұхбат материалдарын әзірлеген
тілші-редактор Азиза СҮЙІНІШҚАЛИЕВА



«Рухани жаңғыру» институтының студенттерге арналған беті, №5(16), мамыр, 2020 жыл

Бір шөкім ой

Ойлы адамға нақыл сөз ұнайды

Теңізге шыққандар ажалдан өздері мінген кеме­нің қалыңдығындай ғана қашықтықта жүреді.

Анақарыс (Анахарсис)

Кемешінің өнері кеме жағада тұрғанда емес, теңізде дауыл ұрғанда танылады.

Тоқсары (Токсарид)

Жан беріп, жан алысар жорықта, жауым көп деп қорықпа.

Тоныкөк (Тоң-Ұқық)

Түркі жұртының тоқмейілсуден асқан дұшпаны жоқ.

Білге (Мерген)

Кетіскеннен кектескен жаман.

Күлтегін

Әдепті сөйлеп, тыныш отыр.

Қорқыт

Мінез - жанның айнасы.

Әбу Насыр әл-Фараби

Жақсы мінез адамға азық та, киім де тауып береді.

Жүсіп Баласағұн

Жалқауға бұлт көлеңкесі де жоқ.

Махмұд Қашқари

Ынтасыздың күні қараң.

Қожа Ахмет Иассауи

Су өзінің өрт сөндіре алатынын білмейді.

Құтып

Дәрежең өскен сайын ұстамды болғайсың.

Ахмет Игүнеки

Адам ішіп-жеу үшін ғана өмір сүрмейді.

Сайф Сарайи

Хан қасында ақылды би болса, қара жерден кеме жүргізеді.

Майқы

Он бес жас - құйын қуған желмен тең,
Жиырма жас - дауыл ұрған көлмен тең,
Отыз бес - ағып жатқан селмен тең,
Қырық бес - аю баспас белмен тең,
Жетпіс бесте - өр көңілің жермен тең,
Сексенде - селкілдеген шал боларсың,
Тоқсанда - сенкілгенге де зар боларсың,
Жүзге келсең - дүние қызығынан күдеріңді үз,
Өлмей тірі жүргенге мәз боларсың.

Жиренше

Надандықтың белгісі - тілін алмау білгеннің.

Асан қайғы (Асан Сөбитұлы)

Тәрде отырып, теріс сөйлегеннен без,
Есікте отырып, керіс сөйлегеннен без.

Бөйдібек Қарашаұлы

Азамат ердің баласы жабыққанын білдірмес –
жамандар мазақ қылар деп.

Қазтуған Сүйінішұлы

Бір жақсымен дос болсаң, азбас - тозбас мүлкі етер,
Бір жаманмен дос болсаң, бар ғаламға күлкі етер.

Шалғиіз Тіленшеұлы

Кетбұғыдай билерден кеңес сұрар күн қайда?!

Доспамбет

Заманың түлкі болса, бүркіт боп шал.

Әйтеке (Айтық) Байбекұлы

Адамға шыдамдылық ес береді.

Қожаберген Толыбайұлы

Әйелің жақсы болса, мейманыңның тұрағы,
Балаң жақсы болса, жан - тәніңнің шырағы.

Төле Әлібекұлы

Өркенің өссін десең, кекшіл болма - кесапаты тиер,
Өзгеге қиянат жасар өршіл болма - қанатың күйер.
Басына іс түскен пендеге күлме - қайғысы көшер.
Жанашыры жоққа жәрдемші бол - абыройың өсер.
Бүгін сағы сынды деп жақсыларды басынба,
Қиын-қыстау күн туса, сол табылар қасыңнан.

Қазыбек Келдібекұлы
(Қаз дауысты Қазыбек)

Әкесі бар баланың жебесі тастан өтеді.

Бұқар Қалқаманұлы

Ата менен анасын күткен жанға Мекке мен Мәдина
- үйдің іші.

Ақтамберді Сарыұлы

Сырт тазасы не керек, тазарт әуел ішінді.

Үмбетей Тілеуұлы

Сөздің өзі – бала: тербетсе оянады, тербетпесе
оянбайды.

Байдалы Бекшеұлы

Инабат - ер азығы, инабатты ер - ел қазығы.

Сырым Датұлы

Ақ сұңқар көлден ку ілер, қанатын суға тигізбес,
Хас жақсының белгісі - қайғысын жатқа білгізбес.

Тоқсан Жабайұлы

Елу - ердің жасы,
Жетпіс – оттың басы,
Сексен - шоқтың қасы.

Шал Құлекеұлы

Хан - астың дәмі болғанда, ханым - тұзы.

Жанақ Сағындықұлы

Күншілдік деген бар - содан сақтан,
Кекшілдік деген бар - содан сақтан.
Астамшылық деген бар - одан алыс бол,
Ынсапсыздық деген бар - одан қалыс бол.
Бәлеқорлық деген бар - содан таза жүр,
Қараулық деген бар - одан оза жүр.

Бөліткір Әлменұлы

Жалқаулықтан кісі өлмейді,
Кісі өлмегенмен, ісі өнбейді.

Абыл Өтембетұлы

Ел бастайтын жігіттің үш белгісі болады: олар -
тыңдай білу, сынай білу, сыйлай білу.

Саққұлақ Бапанұлы

Жақсылардың ақылы гауһар шырақ шаммен тең,
Жақсының көрген жарығы анық атқан таңмен тең.

Дулат Бабатайұлы

Ермін деген жігітті кеңшілікте сынама.

Махамбет Өтемісұлы

Шын жақсыда кек болмас.

Мұхаммед – Қанафия Баһрамұлы
(Сегіз сері)

Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады.

Сүйінбай Аронұлы

Сабыр - ақылдың серігі.

Майлықожа Сұлтанқожаұлы

Өткенің туралы ойлағаның – бүгініңнің қамын
жегенің.

Шоқан Уәлиханов

Жақсының сөзі – майсадай, жаманның сөзі
– найзадай.

Қашаған Күржіманұлы

Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де өлмегенмен боласың тең.

Абай

Адам өзін көркем мінезге үйретуі керек.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы

Түн болма, күн бол.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес,
мінезден.

Әлихан Бөкейханов

Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адас-
паңыздар: адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынты-
мақпен іс етіңдер!

Ахмет Байтұрсынұлы

Алыстан «Алаш» десе, аттанамын,
Қазақты «Қазақ» десе, мақтанамын.
Болғанда әкем - қазақ, шешем - қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанмын!

Міржақып Дулатов

Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе?
Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де.

Мұстафа Шоқай

Қазақты тура жолға бастайтыны да,
адастыратыны да оқығаны.

Жүсіпбек Аймауытов

Ел түзелсін десең, әуелі өзіңді түзе.

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы.

Мағжан Жұмабаев

Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел
болғаның қайсы?!

Мұхтар Әуезов

Соқыр көретіндей, саңырау еститіндей етіп жаз.

Ғабит Мүсірепов

Қайрат етер кезінде - жүк көтерер нардай бол,
Ақыл айтар кезінде - жүз жасаған шалдай бол.

Бауыржан Момышұлы

Өмірдің екі тірегі бар: олар – үйренуден жалықпау
мен үйретуден аянбау.

Дінмұхамед Қонаев

Шәкіртке ұстаз болу – ірілік, ұстазға ұстаз болу
– ұлылық.

Мұзафар Әлімбаев

Елу деген – ердің, ерлік істердің жасы.

Шерхан Мұртаза

Мақсаты кішіден үлкендік шықпайды.

Қадыр Мырза Әли

Мәдениет дегеніміз – кісілер арасында адам болу
өнері.

Олжас Сүлейменов

Әзірлеген Абат Сатыбайұлы,
Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі,
«Қазақстанның құрметті ұстазы-2019»
төсбелгісінің иегері

Талантты жас талым



Университеттің жас ғалымдары арасында тарих ғылымындағы жаһандық мәні бар орта ғасырлардағы Еуропа тарихы, Батыс пен Шығыс, Орталық Азия мен дүниежүзі тарихын зерттеумен белсенді түрде Дүние жүзі тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының аға оқытушысы, PhD Нұрманова Аягуз Қайырғалиқызы айналысады. Оның ғылыми жетістіктері бірнеше Халықаралық ғылыми гранттармен атап өтілді. Қазақстандағы Халықаралық Erasmus+ KA107 грантының (Испания) екі мәрте иегері: 2015-2016 жж. және 2016-2017 жж. аралығы. 2016 жылы Рим қаласындағы (Италия) Ла-Сапиенза университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті. Ғылыми іс-сапар барысында Ватиканның Biblioteca Apostolica Vaticana қорларындағы, Ла-Сапиенза университеті ғылыми кітапханасындағы Батыс және Шығыс, Қазақ тарихына қатысты жаңа деректік мәліметтерді жинақтап, екі ғылыми мақала Scopus базасына енетін журналдарда жарияланды. Сонымен қатар, біліктілікті арттыру мақсатында отандық және шетелдік профессорлар ұйымдастырған

курстар мен семинар-тренингтерге қатысып, сертификаттарға ие болды. А.К.Нурманованың екі ғылыми туындысына ҚР авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізімге мәліметтерді енгізу туралы куәліктері берілген.

2018 жылы 7 желтоқсанда Қазақстан халықтары Ассамблеясының ұйымдастыруымен «Н.Ә.Назарбаевтың қоғамдық келісім мен жалпы ұлттық бірліктің қазақстандық моделіне» арналған үздік ғылыми жобалар республикалық конкурсының өңірлік кезеңінде «Жаһандану жағдайындағы Қазақстанды технологиялық жаңғырту» тақырыбындағы ғылыми жобасы бойынша I орынды иеленді. «Жас маман – 2019» атты педагогтерге арналған Республикалық байқауда білім беру саласына қосқан үлесі үшін I орынмен марапатталды. Жалпы, А.К.Нурманованың ғылыми ізденістер нәтижесінде жинастырылған материалдар, жарық көрген ғылыми мақалалары Қазақстан, Түркі әлемі, дүниежүзі тарихы кезеңдері бойынша деректік және әдеби қорларды толықтырады. Жаңа деректер мен әдебиеттер ғылыми және оқу қызметін жүзеге асыруда, әсіресе жоғары оқу орындарында бәсекеге қабілетті тарихшылардың жаңа буынын даярлауда, Қазақстан қоғамын иынылық-патриоттық тұрғыда тәрбиелеуде маңызы зор.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы «Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығының «Ұлы Дала ұстазы» халықаралық ғылыми-педагогикалық журналының редакциясы «Үздік инновациялық сабақ-2020» республикалық конкурсын ұйымдастырып, байқауға қатысқан конкурсанттардың өткізілген инновациялық сабақ материалдарының бейнетүсірілімдерінің немесе фотоесептерінің болуы талап етілген-ді.

Аталған республикалық конкурсқа университетімізден қатысқан «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы әріптес шәкірті Дана Шакуовамен бірлестікте «Оқу үрдісінде риторикалық технологияны тиімді қолдану аспектілері» тақырыбындағы дәріс сабағымен белсенділік танытып, өзіндік кәсіби шеберлігі, тұлғалық ерекшеліктері мен ұйымдастырушылық қабілетін көрсеткені үшін байқаудың «Шығармашыл ұстаз» арнайы номинациясының иегері атанды. Номинация иегерлерінің әрқайсысына дипломға қоса арнайы сертификаттар мен Алғыс хаттар беріліп, байқаудың арнайы шығарылымының жинағы табысталды. Байқауға қатысқан жеңімпаз конкурсанттардың материалдары «Ұлы Дала

«ШЫҒАРМАШЫЛ ҰСТАЗ» НОМИНАЦИЯСЫНЫҢ ИЕГЕРІ



ұстазы» халықаралық ғылыми-педагогикалық журналында жарияланып, шығармашыл педагогтардың бейнетүсірілімдері мен фотоесептері EDUNews.kz ақпарат агенттігінің ресми сайтында берілді, басылымға ұсынылған мақала

мен фотоесептер арасында интерактивті байланыс орнатылды. Шығармашыл ұстаз номинациясының иегері атанған университеттік әріптесіміздің кәсіби ғылыми-педагогикалық жұмысына тағылымды табыстар тілейміз!

Поздравляем!

12 мая 2020 года магистранты 1 курса специальности «Иностранный язык: два иностранных языка» **Мусина Дана и Шакуова Гаухар** приняли участие в международной олимпиаде для студентов по английскому языку «Perfect Grammar», где, по итогам состязания, заняли почетное 2 место. Руководитель - **Зубков Владислав Сергеевич**.



Данная олимпиада проводилась Международным порталом дистанционных проектов по английскому языку «Англиус». Участие в таких проектах дает студентам опыт порождения тестирования в режиме онлайн, что особенно актуально в настоящее время в связи с переводом систем образования многих стран мира на дистанционную форму.



Жетістік!

19-20 мамыр күндері М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Физика-математика факультетінің студенті **Жоламан Мейірбек Орлеуұлы** Математика пәні бойынша студенттік Республикалық пәндік олимпиадаға қатысып, жүлделі 2-орынға ие болды.

Ғылыми жетекшісі: оқытушы, магистр **Е.Н.Есетов**.

Құттықтаймыз!

Олимпиада жеңімпаздары

Жуырда Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының студенттері арасында 5B011600-«География» мамандығы бойынша XII Республикалық пәндік (қашықтық) олимпиадасын Өскемен қаласындағы Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті ұйымдастырды.

Пәндік олимпиада онлайн түрде 2 кезең бойынша өтті. Алғашқы теориялық кезеңде студенттер әртүрлі деңгейлік тест тапсырмалары мен логикалық сұрақтарға жауап берсе, практикалық кезеңде географиялық есептер шығарып, өлшемдер жүргізіп, практикалық тапсырмаларды орындады.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінен аталмыш олимпиадаға 5B011600-«География» мамандығының 4-курс студенті Әбуғалиев Жұмагелді мен 3-курс студенті Сансызбай Батырбай қатысып, командалық есепте жүлделі 2-орынға ие болды.

Айта кетейік, олимпиадаға жалпы саны 20-дан астам жоғары оқу орындары қатысып, бақ сынады.

Жүлдегер студенттерімізді шын жүректен құттықтаймыз!

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 976

РЕДАКТОР: Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР: Сая ДҮЙСЕНБАЙ, Аида ОРАЗОВА, Нұрайлым ҚҰБАЕВА, Гүлбиби БАҚЫТБАЕВА, Анэля ЖОНЫСОВА

СПОРТ-ТІЛШІ: НҰРЛЫБЕК НАУРЫЗБАЕВ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Көкше-Полиграфия» АҚ баспаханасында басылды.

Мекен жайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы,

Ауельбеков көшесі, 98.

Тел.: 8-716-25-14-90